

Елеусинова А.К.^а, Алимханов Е.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ӘЙЕЛ ШАХМАТШЫЛАР ОЙЫНЫНА ГЕНДЕРЛІК СТЕРЕОТИПТЕРДІҢ ӘСЕРІ

Елеусинова Айсезім Қаршығақызы, Алимханов Елемес

Әйел шахматшыларының ойынына гендерлік стереотиптердің әсері

Аңдатпа. Мақалада әйел шахматшыларының әлемдік шахмат аренасындағы алатын орны көрсетіледі. Ежелден бастап бүгінгі күнге дейін ер адамдар шахматты әйелдерге қарағанда әлдеқайда жақсы ойнайды деп есептеледі. Бұл мақалада бұған себеп ретінде әйел шахматшыларының ойынына гендерлік стереотиптердің әсері гипотезасы ұсынылады. Зерттеу барысында Қазақстандық және шет елдік бірдей дәрежедегі 15 ер шахматшылар және 15 әйел шахматшылар арасында 2 ойыннан тұратын 2 онлайн матч ойнатылды. Бірінші матчта әйел шахматшыларға қарсыласы туралы ақпарат берілмеген кездегі көрсеткіш пен екінші матчта қарсыласының ер адам екендігін білген кездегі ойын көрсеткіштеріне талдау жасалынды. Оған қоса 18-30 жастағы шахматшыларға гендерлік стереотипке байланысты жеке ойларына сауалнама жүргізілді. Қазақстандық әйел шахматшыларының жетістіктеріне талдау жасалынды.

Түйін сөздер: шахмат, әйел шахматы, гендерлік стереотип, салыстырмалы талдау, жоғары білікті шахматшылар

Yelessinova Aisezim Karshygaevna, Alimkhanov Elemes

The influence of gender stereotypes on the game of women chess players

Abstract. The article shows the place of women chess players on the world chess stage. From ancient times to present, it is believed that men play chess much better than women. In this article, the hypothesis of the influence of gender stereotypes on the game of women chess players is proposed as a reason. During the study, an online 2 match of 2 games was played between 15 male chess players and 15 female chess players. Among them there are both Kazakhstani and foreign chess players of the same rank. In the first match was analyzed the indicator when women chess players were not provided with information about the opponent, and the indicator of the game when they knew that their opponent was a man in the second match. In addition, chess players aged 18-30 were interviewed about their personal thoughts related to gender stereotypes. Also the achievements of Kazakh women chess players were being analyzed.

Key words: chess, women's chess, gender stereotype, comparative analysis, highly skilled chess players

Елеусинова Айсезім Қаршығақызы, Алимханов Елемес

Влияние гендерных стереотипов на игру шахматисток

Аннотация. В статье показано место женщин-шахматисток на мировой шахматной арене. С древних времен до наших дней считается, что мужчины играют в шахматы намного лучше, чем женщины. Авторами статьи рассматривается данное утверждение и предлагается гипотеза влияния гендерных стереотипов на игру женщин-шахматисток. В ходе исследования было сыграно 2 онлайн-матча из 2 партий между 15 шахматистами мужского пола и 15 женскими шахматистками. Среди них есть как и казахстанские, так и зарубежные шахматисты одинакового ранга. Были проанализированы результаты двух матчей. В первом матче женщины-шахматистки не были проинформированы о своем сопернике, а во втором матче они знали, что их соперником является мужчина. Кроме того, были опрошены шахматисты 18-30 лет для выявления их мнений, связанных с гендерными стереотипами. Также проанализированы достижения казахстанских шахматисток.

Ключевые слова: шахматы, женские шахматы, гендерный стереотип, сравнительный анализ, высококвалифицированные шахматисты.

Кіріспе. Бірінші халықаралық шахмат турнирі 1851 жылы өткеніне қарамастан, әйел адамдар шахмат жарысына тек 1927 жылдан бастап қатысқан болатын. Қазіргі таңда әр түрлі чемпионаттар ер және әйел категориясына бөлініп өткізіледі. Бірақ әйел шахматшыларына ерлермен бәйгеге түсуге рұқсат етілген. Соған қарамастан бұл жеңілдікті көбі қолдана бермегендіктен, халықаралық рейтингте ер адамдармен салыстыруға келмейтін дәрежеде тұр. Мысалы әлемдегі ең үздік 100 шахматшының тізімінде бүгінде жалғыз әйел шахматшы Джудит Полгар кіреді [1]. Ал жалпы гроссмейстерлердің ішінде 1% ғана әйел шахматшыларының үлесі бар, бұл өте төмен көрсеткіш.

Оксфорд университетінің ғалымдары статистикалық дәлелдер жүргізе отырып: «Тандаулы 100 неміс ер шахматшысының нәтижелері 100 неміс әйел шахматшысының нәтижелерінен жоғары болғанымен, бұл жарысқа ерлер санының әлдеқайда көп қатысуына байланысты. Егер іріктеуге ерлер мен әйелдердің тең саны қатысса, олардың ойын нәтижелеріндегі айырмашылықтар нөлге дейін азаяды» деп көрсетілген [2].

2018 жылы Ұлыбританиядағы Шеффилд университетінің ғалымдары стереотиптерді бұзатын ерекше қорытындыға келді: әйел адамдар ойлағандай жиі жеңіле бермейді. 160 000-нан астам ойыншы қатысқан 5 миллион ойынның деректерін талдау әйелдердің ФИДЕ рейтингіндегі қарсыластарының позицияларын басшылыққа ала отырып, ерлерді әйел шахматшылар әлдеқайда жиі жеңетінін көрсетті. Ерлер мен әйелдердің миының айырмашылықтары туралы кітап жазған корреспондент ғалым Ася Казанцева да шахматтан ер адамның психикалық артықшылығын көрмейді: «Мен ең айқын нәрсені айтайын: шахматтағы жыныстардың арақатынасы тең емес және бұл туралы көптеген ғылыми мақалалар бар. Барлық ұлдар мен қыздарды шахмат ойнауды бірдей мөлшерде, бірдей уақытта үйреткен жағдайда, осындай айырмашылықтың болуы екіталай» деп атап өтеді Казанцева [3].

Қазіргі кезде белсенді ойын көрсетіп жүрген әйелдер арасында № 1 орында тұрған қытайлық Хоу Ифань да бұл тақырыпта өз ойын айтқан болатын. Оның пайымдауынша, әйелдер аз жаттығатындықтан ерлерге қарағанда әлсіз болып келеді. Сонымен қатар ерлерді бәрібір жеңе алмайды деп қалыптасып қалған стереотипке де байланысты. «Жас кезінен бастап қыздарға гендерлік айырмашылықты көрсетеді, сол себептен оларға тек әйелдер арасындағы жарыс-

старда бар күш-жігерін салып, соған қанағат болғандарын жеткілікті деп айтады», - деп түсіндіреді шахматшы. Ол сондай-ақ ерлердің стратегиялық ойлау қабілеттері жақсырақ болуы ықтимал, бірақ бұл әйелдерді тоқтатпауы керек деп санайды [4]. Шахмат тарихындағы ерлер арасында халықаралық гроссмейстер атағын алған алғашқы әйел Нона Гаприндашвили: «Мен ер адамдардың, тіпті үмітсіз позицияларда да, қиырлықпен және ашумен қорғанатынына, соңғысына дейін күресетініне көз жеткіздім — бұл еркектік сипат. Әйелдер, егер олардың позициясы ұтылып жатқанына көз жеткізсе, әдетте үміттерін жоғалтып, тұрақты қарсылық көрсетпейді», - деп салыстырған болатын [5].

Басқа спорт түрлеріне қарағанда Қазақстанда шахматтан жетістіктер жағынан әйелдер ерлерден әлдеқайда жоғары тұр. Бұл құбылыстың себебін қазақстандық гроссмейстер Мұртас Қажғалеев былай деп түсіндіреді: «Қазақ қыздарының шахматтағы серпілісіне дәстүр, қаржылық көмек, өз үлгісімен басқаларды шабыттандыра алатын көшбасшылардың пайда болуы, Гаприндашвилинің әсері сияқты факторлар әсер етті деп ойлаймын. Бірақ тағы айта кететін мәселе – әйелдердің атақ-даңққа апаратын жолы ерлерге қарағанда қысқа болады. Егер әйел адамның бойында дарындылық, еңбек, қаржылық көмек жақсы болса, мансапқа жетуіне кепілдік бар, ал ерлерде әлемдік бәсекенің деңгейі жоғары болғандықтан аталған үш қасиет оларға жеткіліксіз болуы мүмкін [6].

Гаприндашвилинің әсері деп отырғаны 1962 жылы Нона Гаприндашвили әлем чемпионы атанып, өз елінде әйел шахматшыларының көбеюіне ықпал етті. 1982 жылғы КСРО құрама командасы толық Грузия елінің қыздарынан құралған болатын. Ал сол елдің ерлері жетістіктермен айтарлықтай көзге көріне қоймады. Сондай жайт қазіргі уақытта Қазақстанда да байқалып отыр. Елімізде бірқатар қазақ шахматшы қыздарымыз әлемнің түпкір-түпкірінен әртүрлі дәредегі жеңістерге жетіп, туымызды көтеріп жүр. Айта кетсек, Динара Садуақасова - отандық шахмат тарихында алғаш болып Азия чемпионы атанды, әйелдер арасында топ 10-ға кірген алғаш қазақстандық шахматшы, оған қоса ЮНИСЕФ ізгі ниет елшісі болып табылады. Асаубаева Бибисара 2021 жылы Варшавада өткен әйелдер арасындағы әлем чемпионатында жылдам шахматтан (рапид) 2 орын және шапшаң шахматтан (блиц) 1 орын иесі атанды, сол жетістігі үшін Бибисара әлемнің Гиннесс рекордтар кітабына енді. Жансая Әбдімәлік-балалар

және жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаттарында бірнеше дүркін чемпионы, 2021 жылы Гибралтарда өткен әйелдер арасындағы Гран-приде 1 орынға ие болды. Жансая әзірге ер гроссмейстері атағын алған Қазақстандағы жалғыз қыз. Оған қоса еліміздің көк байрағын көтеріп жүрген жас дарынды қыздарымыз – Нахбаева Гүлісхан, Даулетова Гүлмира, Серікбай Әсел, Камалиденова Меруерт, Нұрғали Назерке және т.б. бар. Соңғы өткен 44-ші шахмат Олимпиадасында Қазақстанның әйелдер құрамасы 5 орында ие болған еді. Команданың орта жасы 20 жас болды, бұл қыздарымыздың жетістіктері әлі алда екендігін көрсетеді.

Қазіргі таңда еліміздегі шахмат ұйымдарының саны 7 мыңнан асты. Ал президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев бұл спорт түрін елімізде танымал ету мақсатында секциялар санын екі есеге арттыру туралы тапсырма қойып отыр. Соңғы жылдары қазақстандық шахматты дамыту үшін көп нәрсе жасалды: мемлекеттік қолдау көрсетілді, балалар клубтары ашылды, ірі халықаралық жарыстар, соның ішінде Алматыда 2022 жылы желтоқсанда өткен блиц пен рапидтен әлем чемпионаты. Соның нәтижесінде Динара Сәдуақасова рапидтен күміс жүлдеге ие болса, Бибисара Асаубаева алдыңғы жылғы нәтижені қайталап, блицтен алтын алып, өз титулын қорғап қалды. Оған қоса Қазақстан атынан әйелдерден 21 ойыншы қатысқан еді. Бұл біздің қыздарымыз үшін үлкен тәжірибе. Осы тұрғыда Қазақстан шахмат федерациясы дұрыс бағытта дамып келеді. Айта кететін тағы бір мысал-2023 жылы Астана қаласында өтетін әлем чемпионы атағы үшін күрес. Бұл үлкен масштабты матч қазақстандықтардың шахматқа деген қызығушылығын арттырады деп сенеміз.

Шахмат айналасында: “ер адамдар дене жағынан күшті болады, сондықтан әйелдер оларға қарағанда нашар ойнайды, өйткені шахмат үлкен шыдамдылықты қажет етеді” деген пікірді жиі кездестіруге болады. Бірақ іс жүзінде дәлелденген мұндай теория жоқ, және бұл әйелдер ойыны үшін кедергі бола алмайды. Халықаралық шахмат федерациясы 2022 жыл шахматтағы әйел жылы болып жариялады. Бұл гендер мәселесінде туындаған мәселелерді шешуге үлесін тигізеді деп үміттенеміз.

Көптеген күрделі мәселелердің бірі - шахматшы әйелдерге деген көзқарас мәселесі. Шахматшылар мен гроссмейстерлер тарапынан да, жаттықтырушылар тарапынан да немқұрайлылық бар. Ал егер әйел адам өзін осындай кеңістікте сезінсе және бастапқыда

өзіне деген немқұрайлылыққа тап болса, ойнаған кезде ерлердің жағымсыз жақтарымен және жаттықтырушының әйелдің дәрежесі ерлерге қарағанда төмен деп санауы нәтижесінде, бұл кәсіптен бас тартуы мүмкін. Нәтижесінде көптеген әйелдер шахмат ойнаудан немесе шахматты ер адамдармен ойнаудан бас тартады. Өйткені бұл оған қосымша күш салуды қажет ететін кедергі болып табылады.

Сондай-ақ, егер сізге ұзақ уақыт бойы психологиялық тұрғыдан сіз еркектерден төмен екеніңізді, олармен нашар ойнайтыныңызды, сіздің барлық жағдайларға эмоционалды түрде әрекет ететініңізді қайталап айта берсе, сіз оған біртіндеп сене бастауыңыз мүмкін.

Нәтижесінде, әйелдердің ерлер сияқты ойын деңгейіне жетуі үшін және олармен тең дәрежеде ойнауы үшін керемет көп қиындықтардан өтуі керек екен деген стереотиптік кедергілердің пайда болуы ықтималдығы артып, оны жеңу керек екен деген ой торуылдауы ықтимал. Бұл олардың шахматты игеріп, ойын сапасына тікелей әсер етеді.

Атақты американдық шахматшы 11-ші Әлем чемпионы Роберт Фишер 1962 жылы берген сұхбатта: «Әйелдердің бәрі әлсіз, олар еркектерге қарағанда ақымақ. Олардың шахмат ойнамағаны жақсы. Олар жаңадан бастағандар сияқты. Олар ерлерге қарсы әр ойында жеңіледі. Дүниеде мені артық фигурамен жеңетін бірде-бір әйел жоқ» деп айтып кеткендігін білеміз [7]. Шахматтан дүние жүзінің 13-ші чемпионы Гарри Каспаровтан неліктен әйелдер әрқашан еркектерге қарағанда нашар ойнайды деп сұрағанда: «Өйткені, біріншіден, шахмат өте қиын спорт түрі. Көңіл-күй мен моральдық, спорттық форманы қажет етеді, олар әдетте әйелдерге қарағанда ерлерде жоғары болады» деп жауап берген [8]. Бұл тек жеке Фишер мен Каспаровтың жеке басының мәселесі емес. Мәселе әйелдер шахмат ойнай бастағанда, тіпті олар ұзақ уақыт шахмат ойнаған кезде де, табысқа жеткен кезде де, ерлер әлемі оларды шахмат әлемінен итермелеп, оларды кемсітетіндігіне байланысты болып отыр. Ал бұл өз кезегінде әртүрлі жолдармен кемсіте қана қоймай, әйелдер ер адамдармен ойнау кезінде кездесетін стресс мөлшерін арттырады. Бұл мәселе қазіргі уақытта да кездеседі. Әрине, ол қазір аз дәрежеде, бірақ әлі де орын алады. Әйел шахматшылар осы күнге дейін сондай жағдайларға қалай тап болғанын, бұл адасушылықтарды таратуды жалғастыратын жаттықтырушылар, ойыншылар бар екенін айтады.

Осыған байланысты гендерлік теңсіздік тақырыбындағы әйел шахматшыларының ойынына стереотиптің әсері қандай екендігін зерттеу **өзектілігі** туындайды.

Бірдей дәрежедегі 15 ер және 15 әйел шахматшылар бір-бірімен 2 ойыннан тұратын онлайн 2 матч ойнайды. Бірінші матчта әйелдерге олардың қарсыласы туралы ақпарат берілмейді. Екінші матч кезінде дәл сол қарсыластың ер адам екендігі ашылады. Нәтижесі шахмат бағдарламалары арқылы есептеп бағаланады. Мәселені талдау нәтижесінде **зерттеу болжамы** ұсынылды. Бірінші ойында әйелдердің қарсыласының кім екендігін білмеген кездегі ойын, екінші ойынға қарағанда әлдеқайда жоғары болады деп болжанады.

Зерттеудің мақсаты: әйел шахматшыларының ойынына гендерлік стереотиптердің әсерін анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

Әйелдерде шахмат ойыны кезіндегі стереотиптердің ықтимал рөлін зерттеу.

Матчтағы әйелдердің ойын стиліндегі өзгерістерді анықтау.

Сауалнама арқылы 18-30 жастағы шахматшылардың стереотип туралы жеке сенімдерін анықтау.

Зерттеудің әдістері мен ұйымдастырылуы:

Зерттеуге Қазақстан, Ресей, Өзбекстан, АҚШ, Израиль, Қырғызстан, Әзербайжан елдерінен барлығы 30 белсенді ойнаушы шахматшылары- 15 әйел адам, 15 ер адам қатысты. Жұптар ойын деңгейіне сәйкестендірілді. ELO рейтингтегі айырмашылық 30 баллдан аспады. Бүкіл зерттеу үрдерісі онлайн режимінде жүзеге асырылды. Әр ойыншыға бірін-бірі біліп қоймас мақсатында личесс онлайн шахмат платформасында ойдан шығарылған логин мен құпиясөз берілді. Ойындарды өткізбес бұрын шахматшылар сауалнамаға қатысып, ойын стилін, әр партияға деген көзқарасын, шахматтағы гендерлік стереотип туралы жеке ойлары анықталды.

Ойын 2 матчтан, әр матч 2 ойыннан құралды(түсті ауыстыру арқылы). Бірінші матчта ойыншылар туралы ақпарат ашылмады, екінші ойында қарсыластарының кім екендігі белгілі болды. Соңында нәтижелер зерттеліп, стокфиш бағдарламасы арқылы екі матчта жасалған қателер үлесі анықталды.

Әр ойынға берілеті ұпай саны анықталды: жеңіске 2 ұпай, тең ойынға 1 ұпай, ұтылысқа 0 ұпай.

Сауалнамаға зерттеуге қатысқан шахматшылардан бөлек жаңа ғасырдағы адамдарға, яғни 18-30 жас аралығындағы жастар қатысты. Сондағы 30 шахматшының 20-ер адамдар, 10- әйел адамдар. Сауалнамадағы сұрақтар бағыттары:

Сіздің ойыңызша шахматты кімдер мықтырақ ойнайды? Ерлер/Әйелдер

Бұл туралы жалпы шахматшылардың ойы қандай? Ерлер/Әйелдер

Сіздің ойыңызша шахматта кімдер дарындырақ болып келеді? Ерлер /Әйелдер

Бұл туралы жалпы шахматшылардың ойы қандай? Ерлер/Әйелдер

Сіз жарыстарда кімдермен көбірек ойнағанды қалайсыз? Ерлер /Әйелдер

Қарама-қарсы жынысқа қарсы ойында қандай тактиканы ұстанасыз? Шабуыл/Қорғаныс
Жауаптарды 10 баллдық жүйемен бағаладық: 1-ден (ерлер мықтырақ және дарындырақ) 10-ға дейін (әйелдер мықтырақ және дарындырақ) , ал 5 орта көрсеткішті(екеуі тең) екендігін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері. Сауалнама нәтижелері бойынша бірінші және екінші сұрақтарға ер адамдар мықтырақ деп есептелді, орта көрсеткіш 2,8 балл және 1,8 болып шықты. Үшінші және төртінші сұраққа жауаптар нәтижесі – 2,3 және 2,6 сәйкесінше. Бесінші сұраққа жауаптарының орташа көрсеткіші – 5,6 балл болып шықты. Қарама-қарсы жынысқа қарсы ойында қандай тактиканы ұстанасыз деген сұраққа ерлерде шабуылдау тактикасы басымдырақ, әйелдерде қорғану басым болып шықты.

1 кесте – Қарсыластарының кім екендігін білмеген кездегі ойын нәтижелері

Жұп Ойыншы \	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
Әйел	4	2	3	1	1	0	3	2	4	2	0	2	2	1	3
Ер	0	2	1	3	3	4	1	2	0	2	4	2	2	3	1

Зерттеу кезінде біз әйелдердің ойында алған ұпайларын есептеген болатынбыз. 15 ойыншы 2 ойыннан ойнаған кезде жалпы 60 ұпайға ие бола ала-

ды. Яғни 100% деп көрсетеміз. Қарсыластарының кім екендігін білмеген кездегі матчта барлығы жалпы 30 ұпай жинаған. Яғни 50% құрайды.

2 кесте – Қарсыластарының кім екендігін білген кездегі ойын нәтижелері

Жұп Ойыншы	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
Әйел	1	1	2	0	0	1	2	2	4	1	3	2	1	0	2
Ер	3	3	2	4	4	3	2	2	0	3	1	2	3	4	2

Кестеде көріп отырғанымыздай қарсыластарының кім екендігін білген кездегі жалпы ұпай саны 22 болды. Бұл 36% құрайды. Яғни қарсыластарының кім екендігін білмеген кездегі ойындарға карағанда ойын дәрежесі 14%-ға төмендеп кетті. Бұл біздің гипотезамыздың дұрыстығын дәлелдейді.

Ескере кететін бір қызықты бақылау – әйел шахматшыларының қарсыласқа қарсы қолданған тактика мен жасалған қателіктер мәселесі болды. Ол бірінші матч барысында әйел адамдарының ойын барысында жеңіске

ұмтылғанын, көбірек шабуылдағанын және қателіктердің аз кездескенін байқауға болады. Ол стоkfиш бағдарламасы арқылы анықталды.

7 жұптың қарсыласының кім екендігін білмеген жағдайдағы бірінші ойыны талданған болатын (Сурет 1). Ақ түспен ойнаған әйел адам ойын барысында 0 дәлсіздік, 1 қателік, 0 өрескел қателік жасап, қателіктің орташа мәні 14%, дәлдік 96% болып көрсетілген. Қарамен ойнаған ер адам 2 дәлсіздік, 1 қателік, 1 өрескел қателік жасап, қателіктің орташа мәні 25%, дәлдік 91 % болып көрсеткен.



1-сурет – 7-ші жұптың бірінші матчтағы ойынның қателіктер үлесі

Ал қарсыластары туралы ақпарат берілген кездегі 1-ші ойындағы көрсеткіштер өзгеше болып келеді (Сурет 2). Көріп отырғанымыздай, ақ түспен ойнаған әйел адамда 11 дәлсіздік, 3 қателік, 4 өрескел қателік пайда болған. Қателіктердің орташа мәні 38%, дәлдік 88% болып нашарлады. Ал қарсылас ер адам 9 дәлсіздік, 1 қателік, 3 өрескел қателік жасап ойын көрсетті. Қателіктердің орташа мәні 31%, дәлдік 88% болды.

Бірінші матчтағы 1-ші жұпты талдайтын болсақ: әйел ойыншы 4 ойында жеңіске жетіп, қателіктер үлесі 15%-ға ғана жеткен. Ал осы жұпта екінші матчта ер шахматшы 3 ойынды жеңген. Әйел шахматшының қателіктер үлесі 40%-ға көтерілді. Матчтардың бірінші ойындарын талдайтын болсақ, 1-ші матчтағы ойында әйел ойыншы өткір ойынға алып келетін дебют таңдаса, 2-ші матчтағы ойында бірден теңесетін дебютқа ауысып кетті.



2-сурет – 7-ші жұптың екінші матчтағы ойынның қателіктер үлесі

Көріп отырғанымыздай, 1-жұптың бірінші матчтағы ойыны барысында әйел шахматшы француз қорғанысы дебютінде негізгі өткір вариантты таңдап, жеңіске ұмтылған болатын (Сурет 3).

Екінші матчта сол ойыншы тап осы дебютта тең ойынға көшетін вариантты таңдап отыр (Сурет 4).



Сурет 3 - 1-ші жұптың бірінші матчтағы ойыны



Сурет 4 - 1-ші жұптың екінші матчтағы ойыны

Бұл әйел шахматшыларының ер адамдарға қарсы ойын көрсеткен кездегі қорғаныс тактикасына ауысып кетулерінің басым болатындығының мысалы болып табылады. Ойын алдында қарсыластарының кім екендігін алдын-ала білген жағдайдағы матчта, 7 әйел шахматшы өз ойындары стилін қорғанысқа түгел ауыстырып жібергенін көреміз. Зерттеу барысында жүргізілген сауалнама қортындысындағы «Қарама-қарсы жынысқа қарсы ойында қандай тактиканы ұстанасыз?» деген сұраққа ерлер-

де шабуылдау тактикасы басым, әйелдерде қорғаныс тактикасының басым болатындығын көрсетулерінің дұрыстығын дәлелдейді және бұл жағдаймен ерлер де әйелдер де хабардар екендігін көруге болады.

Қорытынды:

Сауалнама арқылы 18-30 жастағы шахматшылардың стереотип туралы жеке сенімдері анықталды. Шахматты кімдер мықтырақ ойнайды сұрағына орта көрсеткіш 2,8 балл және 1,8 баллмен ер адамдар деп ойлайтыны анықталды.

Шахматта кімдер дарындырақ болып келеді деген сұраққа орта есеппен 2,3 және 2,6 баллмен тағы ер адамдарды алға қойған болатын. Жарыстарда кімдермен көбірек ойнағанды қалайсыз деген сұраққа жауаптарының орташа көрсеткіші – 5,6 балл болып шықты, яғни екі жыныс тең дәрежеде болды. Қарама-қарсы жынысқа қарсы ойында қандай тактиканы ұстанасыз деген сұраққа ерлерде шабуылдау тактикасы басымдырақ, әйелдерде қорғану басым болып шықты. Сауалнама нәтижесінде гендерлік стереотиптердің жас шахматшылар арасында әлі бар екендігін көрсетеді. Және бұл туралы ерлер де, әйелдер де хабардар екені анық көрініп тұр.

Әйелдерде шахмат ойыны кезіндегі жеке стереотиптердің ықтимал рөлін зерттеу нәтижесі бойынша, әйелдер қарсыластарының кім екендігін білмеген кезде барлығы жалпы 30 ұпай жинаған. Бұл 50% құрайды. Ал екінші матчта қарсыластарының ер адам екендігін білген кездегі жалпы ұпай саны 22 болды. Бұл 36% құрайды. Яғни екінші матчта ойын деңгейінің 14%-ға төмендегеніне көз жеткіземіз. Бұл бірінші матчта әйелдердің қарсыласының кім екендігін білмеген кездегі ойын, екінші матчқа қарағанда әлдеқайда жоғары болады деген гипотезаның дәлелденгені көрсетіледі.

Бірінші матч барысында әйел адамдарының ойын барысында жеңіске ұмтылғанын, кө-

бірек шабуылдағанын және қателіктердің аз кездескенін байқауға болады. Оны стокфиш бағдарламасы арқылы анықтап, 1-ші және 2-ші суреттерде анық көрсетілді. 7-жұптың бірінші ойынында әйел шахматшының қателіктің орташа мәні 14%, дәлдік 96% болса, екінші матчтағы ойында қателіктің орташа мәні 38%, дәлдік 88% болып нашарлады. 3-ші және 4-ші суретте көрсетілгендей әйелдердің ер адамдарға қарсы ойнаған кездегі ойын тактикасы қорғану стиліне ауысады. 1-жұптың бірінші матчтағы ойыны барысында әйел шахматшы француз қорғанысы дебютінде негізгі өткір вариантты тандап, жеңіске ұмтылған болатын, ал екінші матчта сол дебютта тең ойынға көшетін вариантты тандағаны көрінеді. Екінші матчта әйелдердің ойын стиліндегі өзгерістер болғаны анықталды. Яғни, стереотиптің әйелдер ойынына әсері анық байқалады.

Практикалық ұсыныстар: Шахматта гендерлік стереотиптерді жою мақсатында келесі практикалық ұсыныстар жасалады:

Шахматты үйрету, жаттықтырудың алғашқы кезеңінен бастап ерлер мен әйелдер турнирлерін бөлмей, тең дәрежеде өткізу ұсынылады;

Әйел-жаттықтырушылардың санын көбейту қажеттігі ұсынылады;

Арнайы қыздар тобынан құралған шахмат мектептерін ашу ұсынылады.

Әдебиеттер

- 1 Фиде рейтингтер тізімі, классикалық бойынша топ 100. [Электрондық ресурсы]. URL: <https://shahmaty.info/top-fide/>
- 2 Неліктен әйелдер шахматты ерлерге қарағанда нашар ойнайды? [Электрондық ресурсы]. URL: https://portal.azertag.az/ru/node/24679?_cf_chl_tk=PXyOH18.IHBoQJX2J5gYIFOfKhtK_qz1r5Eej9ldT04-1671552186-0-gaNycGzNCL0
- 3 Юдит Полгар – величайшая шахматистка в истории. [Электрондық ресурсы]. URL: <https://debutclub.ru/udit-polgar-biografia-foto-i-video-partii-s-komentariami/>
- 4 Почему есть разделение в шахматах. [Электрондық ресурсы]. URL: <https://daily.afisha.ru/sport/24392-pochemu-est-razdelenie-na-zhenskie-i-muzhskie-shahmaty-i-nuzhno-li-ono/>
- 5 Гаприндашвили Н.Т. / Предпочитаю риск. – М.: Молодая гвардия, 1977. – 148 с.
- 6 Женские шахматы Казахстана: какова природа этого феномена? [Электрондық ресурсы]. URL: <https://qmonitor.kz/sport/3361>
- 7 Ginzburg and Fischer. Harper's Magazine. – 1962. – 50 p.
- 8 Линдер И.М., Гарри Каспаров: жизнь и игра. – М.: «Астрель», 2009. – 471 с.

References

- 1 Fide rejtingter tizimi, klassikalық bojnsha top 100. [Elektronдық resurs]. URL: <https://shahmaty.info/top-fide/>
- 2 Nelikten әjelder shahmatty erlerge qararanda nashar ojnajdy? [Elektronдық resurs]. URL: https://portal.azertag.az/ru/node/24679?_cf_chl_tk=PXyOH18.IHBoQJX2J5gYIFOfKhtK_qz1r5Eej9ldT04-1671552186-0-gaNycGzNCL0
- 3 YUdit Polgar — velichajshaya shahmatistka v istorii. [Elektronдық resurs]. URL: <https://debutclub.ru/udit-polgar-biografia-foto-i-video-partii-s-komentariami/>
- 4 Pochemu est' razdelenie v shahmatah. [Elektronдық resurs]. URL: <https://daily.afisha.ru/sport/24392-pochemu-est-razdelenie-na-zhenskie-i-muzhskie-shahmaty-i-nuzhno-li-ono/>
- 5 Gaprindashvili N.T. / Predpochitayu risk / M., Molodaya gvardiya, 1977., - 148 s.

- 6 ZHenskie shahmaty Kazahstana: kakova priroda etogo fenomena? [Elektronдық resurs]. URL: <https://qmonitor.kz/sport/3361>
 7 Ginzburg and Fischer. Harper's Magazine. - 1962 . - 50 r.
 8 Linder I.M., Garri Kasparov: zhizn' i igra, M., «Astrel'», 2009. - 471 s.

<p>Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор) Елеусинова Айсезім Қаршығақызы магистрант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: aisezim_97@mail.ru</p>	<p>Автор для корреспонденции (первый автор) Елеусинова Айсезим Каршыгақызы – магистрант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, e-mail: aisezim_97@mail.ru</p>	<p>The Author for Correspondence (The First Author) Yeleussinova Aisezim Karshygaevna, master student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: aisezim_97@mail.ru</p>
---	---	---